

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының ақылы негізде ұсынылатын тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 763 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 1 қазандағы № 591 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қазанда № 24632 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының ақылы негізде ұсынылатын тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 763 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18024 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 5-тармақшасы алып тасталсын;

1-қосымша мынадай мазмұндағы 22-тармақпен толықтырылсын:

"

22	Заңтану және құқық саласындағы мамандарды даярлау бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, 1 адамға	7 2 сағат	125 000
----	--	-----------	---------

";

2-қосымша мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"

17	Заңтану және құқық саласындағы мамандарды даярлау бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, 1 адамға	7 2 сағат	125 000
----	--	-----------	---------

";

3-қосымша мынадай мазмұндағы 17-тармақпен толықтырылсын:

"

17	Заңтану және құқық саласындағы мамандарды даярлау бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, 1 адамға	7 2 сағат	125 000
----	--	-----------	---------

";

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр саясаты департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі*

Е. Турғумбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК